

«Батыр» жекеменшік балабақшасының кезектен тыс өткізілген педкеңес

ХАТТАМАСЫ №1

Қатысқаны 9 педагог

22.07.2026 ж

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі ұйымды мемлекеттік аттестаттаудан өткізуге дайындық жұмыстары туралы.
2. Мемлекеттік аттестаттауға дайындық жөніндегі жұмыс комиссиясының құрамын сайлау
3. Комиссия мүшелерінің міндеттерін бөлу және дайындық жұмыстарын ұйымдастыру

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры А.Овезова сөз алып, мектепке дейінгі ұйымның мемлекеттік аттестаттаудан өтетіні туралы хабарлады. Аттестаттау – ұйым қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында өткізілетін маңызды рәсім екендігі атап өтілді. А.Овезова аттестаттауға дайындық барысында нормативтік-құқықтық құжаттарды ретке келтіру, педагогтердің құжаттарын толықтыру, білім беру процесіне қатысты материалдарды жүйелеу, тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарының сапасын талдау және қажетті дәлелдемелік материалдарды әзірлеу керектігін түсіндірді.
2. Екінші мәселе бойынша Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаменті басшысының 2026 жылғы 21 мамырдағы №134-нқ және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №114-нқ «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде балабақша өзін-өзі бағалауды өткізетіні айтылды. Осыған байланысты балабақшада өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия құру ұсынылды. Комиссия құрамына директор, әдіскер, педагогтер, медицина қызметкерін енгізу ұсынылды.
 1. Овезова А.Е - балабақша басшысы, комиссия төрағасы;
 2. Шакыева Б.Т. - балабақша әдіскері, комиссия мүшесі;
 3. Ибрагимова Ж.Р - балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі;
 4. Кеңгесбаева.Н.Қ – балабақша медбикесі, комиссия мүшесі;
 5. Танаубаева С – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі.
3. Үшінші мәселе бойынша комиссия мүшелерінің міндеттері талқыланды. Әрбір мүшеге өз бағыты бойынша құжаттарды дайындау, материалдарды жинақтау, электрондық және қағаз нұсқада реттеу, орындалған жұмыстар туралы мерзімді есеп беру тапсырылды.

Сөйлегендер:

Әдіскер Б.Шакыева аттестаттауға дайындық барысында әр педагог өзінің жеке құжаттарының толықтығына жауапты екенін айтып өтті.

Тәрбиешілер оқу-тәрбие жұмыстары бойынша барлық материалдарды белгіленген мерзімде дайындауға дайын екенін білдірді.

Педагогтар ұсынылған комиссия құрамын қолдап, дайындық жұмыстарын бірлесіп ұйымдастыру туралы пікірлерін білдірді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Балабақшаны мемлекеттік аттестаттауға дайындық жұмыстары ұйымдастырылсын.
2. Аттестаттауға дайындық жөніндегі жұмыс комиссиясының құрамы бірауыздан мақұлдансын. «Батыр» жекеменшік бөбекжай балабақшасында өзін-өзі бағалау ұйымдарын өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия мүшелері бекітілсін:
3. Овезова А.Е.. – балабақша директоры, комиссия төрайымы;
4. Ибрагимова Ж . – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі;
5. Танаубаева С . – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі;
6. Кенгесбаева Н . – балабақша медбикесі, комиссия мүшесі;
7. Шакыева Б . – балабақша әдіскері, комиссия мүшесі.
8. Комиссия мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді белгіленген мерзімде орындасын. Барлық педагогтер жеке құжаттарын, перспективалық жоспарларын, циклограммаларын, мониторинг материалдарын, жеке даму карталарын және өзге де қажетті құжаттарды толық талапқа сәйкес рәсімдесін.

Төрайымы: А.Овезова

Хатшы: Д.Өзбек

